

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 11 тамыздағы N 760 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 ақпандағы № 53 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

1 1

т а м ы з д а ғ ы

N

7 6 0

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. "Қазақстан Республикасының аумағындағы өрттер мен олардың зардаптары мемлекеттік есебінің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 шілдедегі N 1053 қаулысында(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 38, 327-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағындағы өрттер мен олардың зардаптары мемлекеттік есебінің ережесінде:

5-тармақтың бірінші абзацында "және қадағалау" деген сөздер алынып тасталсын;

6-тармақтың екінші абзацында "өрттен қадағалауды" деген сөздер "өртті бақылауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

10-тармақтың бірінші абзацында:

"жергілікті мемлекеттік өрт қадағалау органына" деген сөздер "мемлекеттік өртті бақылау органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. (күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.10.06 N 920 Қаулысымен)

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).